ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

№05 (451), 16 наурыз 2018 жыл

**ОҚУ/ ҒЫЛЫМ** БІЛІМ ДОДАСЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ 02

**ҒЫЛЫМ/ БІЛІМ** ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ 02

**ОҚУ/БІЛІМ** ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ - БІЛІМДІ ШЫҢДАЙДЫ 03

**НАУРЫЗНАМА** ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ДӘСТҮРЛЕР 04

## НАУРЫЗ – СЕНІМ МЕН ДОСТЫҚТЫҢ НЫШАНЫ




## БРИФ-ХАБАР

### ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМА

Жоба аясында Инженерия факультеті, «Компьютерлік ғылымдар» және «Компьютерлік инженерия» кафедраларының оқытушылары мен ақпараттық жүйелер мамандары компьютерлік графика және мультипликация; интернет-технологиялар; компьютерлік ойындарды әзірлеу бағыттары бойынша біліктілік арттыру курсынан өту үстінде.

» 02

### ТҮРІК ӘНҰРАНЫНА 97 ЖЫЛ!

Ресми салтанатты жиын Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының ұлттық әнұранмен басталды. Университет проректоры М.Эрен «Истиклал Маршы»тарихына тоқталып, түрік халқын бүгінгі күнмен құттықтап, ұлттық әнұранымыз асқақтай берсін деген жылы лебізін білдірді. Түркология кафедрасының оқытушысы К.Семиз әнұранның жазылу тарихы мен М. Эрсой туралы баяндама оқыды.

» 03

### НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ӨЗГЕ ЕЛДЕР ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Дәстүр бойынша «тонгал» деп аталатын от жағып, одан жеті рет секіретін болған. Ал мереке күні ұлттық тағам палау пісіріледі. Және мерекелік дастарқанның басты тағамының бірі – шекербура дайындалады. Ол – Ай пішіндес қамырдан жасалған тәтті тағам. Ал өсіп тұрған жасыл бидай сабақтары «Күн символын» білдіреді. Бидай қуырылып, жұмыртқалар қызылға боялады.

» 05

### Ahmet Yesevi Üniversitesinde "Genç Liderlik Geliştirme Forumu"

Hoşgörü, merhamet ve samimiyet gibi prensiplerle forumun gerçekleşmesini dileyen Rektör Vekili Eren, konuşmasının sonunda BM temsilcisi Vlastimil Samek'e Almanca hitap ederek, Üniversitemize teşriflerinden dolayı teşekkürlerini iletti.

» 06

## БІЛІМГЕРЛЕР ТҮРКИЯДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТЕДІ

**Алдағы екі жыл бойы университетіміздің студенттері Түркия Республикасы Анталия қаласындағы «Cömertoğlu Otelcilik ve Tic.A.Ş.» фирмасында тәжірибеден өтетін болды.**

Таяуда оқу орнына арнайы іс-сапармен келген «Cömertoğlu Otelcilik ve Tic.A.Ş.» мекемесінің өкілдері Явуз Гөкоғлан және Мехмет Тезжан университет басшысымен 2020 жылға дейінгі екіжақты ынтымақтастық келісімшартына қол қойды.

Бұдан былай университетіміздің «туризм» мамандығының студенттері мұнда алған теориялық жаздық демалысы кезеңіне орайластырылып отыр. Түркиялық мекеме басшылығы білімгерлердің жол шығындарын, жатын орны мен тамақтану қаржысын өз мойындарына алып, бұған қоса 1600 түрік лирасы көлемінде жалақы да тағайындайтындықтарын айтты.

Сапар барысында қонақтар, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің ұйымдастыруымен Я.Гөкоғлан мен



білімдерін аталған фирманың нысандарында тәжірибемен ұштастыратын болады. Білімгерлер туризм секторында қызмет көрсетумен қатар, қонақ үй қызметін ұйымдастыру сияқты өзге де дағдыларымен кәсіби білігін шыңдай түспек. Тәжірибе уақыты студенттердің 3 айлық

М.Тезжан 2 күн бойы студенттерге туризм саласы бойынша «Қонақ үй шаруашылығын тиімді басқару» тақырыбында семинар өткізді. Үлкен демеу көрсетіп, қолғабыс білдіріп отырған қонақтардың ниетіне білімгерлер шын алғысын білдірді.

**Ақпарат орталығы**

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Бүкіл шығыс халқына ортақ – Наурыз мерекесі баршамызға бақыт әкелсін!**

Қымбатты университетіміздің оқытушы-профессорлары және қызметкерлері, Сүйікті студенттер! Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ақтың молаятын, Тіршіліктің жаңаратын мезгілі.

Барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны – Наурыз бәрімізге құт әкелсін. Шығыс халқына ортақ Әз-Наурызды – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі деп білеміз. Түркі халықтары әрбір өткен жылға шүкіршілік етіп, келер жылдан үміт күтетін қасиетке ие.

Өткен тауық жылы Еліміз үшін де, оқу орнымыз үшін де өте берекелі жыл болды деп айта аламыз. Келе жатқан ит жылы біздің университетіміз үшін үлкен жетістіктерге толы болады деп ойлаймын. Себебі, қазақ халқы итті қастерлеп 7 қазынаның біріне балаған. Осы жылы Отанымыз үшін, халқымыз үшін өте табысты берекелі жыл болады деп күтеміз. Біз алдымызға үлкен жоспарлар қойдық. Осы жолда жұмыла жұдырық болып қызмет етуге шақырамын.

Қымбатты университет ұжымы, Сіздерді көктемнің Ұлы мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Жанұяларыңызға шаттық пен береке, бірлік, тыныштық, мол жақсылық тілеймін!

**Құрметпен,**
**Уәлихан Әбдібеков**
**университет ректоры**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

СҮЙІНШІ!

## ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ




Көгілдір көктеммен бірге келген арулар мерекесінің қарсаңында университетте жаңа кітап жарық көрді. Кітапты құрастырушы, жауапты редакторы «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Гүлімжан Жылқыбай. «Халықаралық қазақ-түрік университетінің әйел ғалымдары» атты энциклопедиялық анықтамалығында университетімізде қызмет атқарып жүрген көрнекті ғалымдар, ғылым докторлары мен кандидаттары жайлы деректер әліпби ретімен берілген. Аталмыш кітапқа саналы ғұмырын ғылымға арнаған университеттің түрлі құрылымдарында жемісті еңбек етіп жүрген 140-тан аса әйел-ғалымдар жайлы есімнамалық мақалалар енгізілген. Оқу ордамызда ғылым салаларының дамуына үлес қосқан әйел ғалымдардың өмірі мен ғылыми бағыты және толағай табыстары туралы сыр шертеді. Ғылыми салада өзіндік үлесі бар әйел ғалымдар туралы ақпарат беретін кітаптың таралымы 200 дана. «ХҚТУ әйел ғалымдары» энциклопедиялық анықтамалығы оқырман жүрегінен жол табары анық.

**ЯУ-ақпарат**

БІР ТАҚЫРЫПҚА ЕКІ ХАБАР

## БІЛІМ ДОДАСЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

**Филология факультеті, Әлем тілдері кафедрасы 5В021000-Шетел филологиясы: қытай тілі мамандығының 3-курс студенті Арайлым Шаймерденова «Шетел тілдері» мамандықтары бойынша 2017 жылғы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық байқауында ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.**

«Мамандықтың студенттерін ғылымға 1-курстан бастап баулимыз. Бекітілген тақырыптар бойынша студенттермен жұмыстар жүргізіліп, республикалық, халықаралық студенттік конференцияларға мақалалар жариялайды. Студенттік ғылыми конференцияларда баяндамалар жасалып, нәтижесінде дипломдық жұмыс жазылады» дейді жетекшісі қытай тілі пәнінің оқытушысы Гүлзада Жамантаева. Білім додасында жүлделі орыннан көрінген білімгерге жеңісің құтты болсын дейміз!

---

**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде «Шетел тілдері» мамандықтары бойынша өткен республикалық студенттер олимпиадасында университетіміздің студенті жеңімпаз атанды.**



Филология факультеті, Әлем тілдері кафедрасы 5В021000-Шетел филологиясы: қытай тілі мамандығының 4-курс студенті Феруза Шаймерден ІІ дәрежелі дипломды қанжығасына байлады. (жетекші оқытушы Гүлзада Жамантаева) Пәндік олимпиада «Халықаралық стандарттар материалдары негізіндегі тестілеу», «Прагма-кәсіби тапсырмаларды шешу» және «Болашақ шетел тілі мұғалімі үлгісін құзыреттілік-кәсіби жобалау» тақырыбы бойынша жоба жұмысының презентациясы сынды үш кезең бойынша жүргізілді. Кафедра меңгерушісі Салтанат Бейсембаева ханым марапатталған студентке алған дипломымен құттықтай отырып, бұдан кейін де жоғары деңгейге көтерілуге сенім білдірді.

**ЯУ-ақпарат**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

### АНАЛАР АРДАҚТАЛДЫ

Тәрбие және мәдени істер департаменті мен Продюсерлік орталықтың ұйымдастыруымен 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай салтанатты жиын өтті.

Мерекелік шарада университет президенті, профессор У.Әбдібеков пен Даму және қаржыландыру ісі жөніндегі проректор М.Эрен мерекемен құттықтап, ыстық тілектерін арнады. Басшылар университетіміздің шаңырағында жемісті еңбек атқарып, оқу ордамыздың дамуына үлес қосқан 60-қа жуық қыз-келіншектерді марапаттап, алғыс хат табыстады.

Марапаттау рәсімі ардақты ұстаздар мен аяулы қыздарды құрметіне университет өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

### ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Әйел адамдар қай салада болсын ауыр немесе жеңіл демей белсенді қызметтер атқаруда. Қазіргі таңда бір отбасын отағасымен қоса бағып, сүйреп жүрген нәзік жандылар қаншама. Тіршілікте еңбегің еленбей жатса кейде ренжіп те жатасың. Осыны ескерді ме, 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай оқу ордамыздың Әйелдер кеңесінің төрайымы Г.Еркебаева қыз-келіншектерді құттықтады. Әйел адамның міндеттері мен қатар отбасындағы келеңсіздік жағдайларынан да сөз қозғады. Арнайы Әйелдер кеңесінің алғыс хатымен марапаттап, гүл шоқтарын тапсырды. Мерекеге орай торт пен шай ұсынған әйелдер кеңесінің мүшелері қыздарымызды бір қуантып тастады.

## ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМА

**Жақында университет жанынан құрылған Қоғамдық келісім кеңес мүшелері Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор Т.Раимбердиевтің төрағалығымен дөңгелек үстел өткізді.**

Мәжілісті ашқан Т.Раимбердиев: «ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында: «IT қызмет көрсетуді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр. 2018 жылы «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керек» деп атап көрсетілген. Осы орайда менің тікелей жетекшілік жасауыммен, Өкілетті кеңес басқармасы тарапынан қаржыландырылатын «Жасөспірімдердің IT бағытындағы шығармашылық қабілеттерін сараптау арқылы дамыту әдістемесі» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасы туралы айта кетейін. Жоба аясында Инженерия факультеті, «Компьютерлік ғылымдар» және «Компьютерлік инженерия» кафедраларының оқытушылары мен ақпараттық жүйелер мамандары компьютерлік графика және мультипликация; интернет-технологиялар; компьютерлік ойындарды әзірлеу бағыттары бойынша біліктілік арттыру курсынан өту үстінде. Біз келісімшарт жасасқан Ресей Федерациясы, Ю.Гагарин атындағы СМТУ-нің АРТЕСН оқу орталығының жанынан құрылған «Балалар компьютер мектебі» ТМД мемлекеттеріндегі теңдесі жоқ, 7 жастан бастап оқыту әдістемесі мен бағдарламалары бойынша 20 жылдан астам тәжірибесі бар бірденбір орталық. Университетімізді жарнамалау мақсатында аталмыш бағдарламаға сәйкес тұңғыш рет Қазақстан аймақтары бойынша мектеп жасындағы балалардың IT білім деңгейін жоғарылату, шығармашылық қабілеттерін дамыту және жаңа бағдарламалық білім серпілісін беру арқылы болашаққа ынталандыру үшін жасөспірімдерге онлайн-режимде тегін курстар ұйымдастыру мақсатында заманауи IT білім мен дағдыларды меңгеріп, сертификатталған оқытушылар мен мамандарымыз Қазақстан аймақтарының мектеп мұғалімдері мен оқушыларына онлайн-режимде сабақ жүргізеді» - деп жоба туралы жан-жақты айтты. Сондай-ақ аға оқытушы Г.Қошанова «Жоғары білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру» тақырыбы бойынша баяндама жасады. Цифрлық саясат туралы, университетте цифрландыру бойынша қолға алынған іс-шаралар, жеке білім беру траекториясы туралы мәселелер айтылды.

**ЯУ ақпарат**

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ — ЕҢ АСЫЛ ІС

**Таяуда оқу ордамызда Түркістан қалалық «Шапағат» қайырымдылық қоры және ХҚТУ «Ясауи жастары» клубының ұйымдастыруымен «Мүсіркетпе тағдырым мені ешкімге» атты қайырымдылық кеші өтті.**

Қайырымдылық шара – жүректері мейірім мен ізгілікке толы ерекше жандарға арналды. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кеште «Шапағат» қайырымдылық қорының өнерпаз жастары әсем ән шырқап, монолог оқып, көрермендерге ерекше сезім сыйлады. Мәдениеттің үлкен залы да келушілерге лық толы болды.Сонымен қатар кеште Ә.Жәдігеровтың режиссерлігімен түсірілген «Теңсіздік», «Ментал» атты қысқа метражды фильмі көрсетілді. Аталмыш шара соңында Ұйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі проректор Б.Мұхамеджанов пен Даму және қаржыландыру ісі жөніндегі проректор Мұстафа Эрен ұйымдастырушыларға алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.




**Айнур ИБРАШЕВА**
**3-курс студенті**

# МІНЕЗІНЕ КӨРКІ САЙ ІСКЕР ЖАН

**Көктемнің алғашқы күндерінде әйелдер мерекесі қоса келеді. Жылу ала келетін осы мезгіл, қыр гүліндей құлпыра түсетін қыздарымыз секілді. «Отбасының кілті-әйелде» деп жатады. Қазіргі кезде қызметте де әйел адамдардың іскерлігі жоғарыдан көрінуде. Осындай іскер ғана емес, әнші, спортсмен жан жөнінде бір ауыз айта кетсем деп едім. Ол Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Кенішбекқызы.**



Адамнын сыртынан оған мінездеме айту дұрыс емес екенін Ләззат Есентаевамен бір ортада жұмыс істеген соң түсіндім. Бір қарағанда өте әзімшіл және қатал деп ойлаған адаммен осылай тез тіл табысам деген ой болмапты. Жаңа жұмыс орнына орналасқан кезде тіл табысу, ортаға сіңісіп кетудің өз қиындықтары болатыны айдан анық. Алғаш жұмысқа кіріскен күннен-ақ жаңа келген маманға қамқор болып, өзінің адамдық қасиетінің өте жоғары екенін көрсетті. Осындай қасиет көп басшыларда табыла бермейтін дүние. Қамқор болуымен қатар өте талапшыл және берілген тапсырманың орындалуын жіті қадағалап, уақытында іске асырылуын талап ететін басшы. Жазылған хаттарға (қызмет хат) өте мұқият қарап, оның мазмұнына, тіпті әріп қателеріне дейін мән береді. Тәрбие және мәдени істер департаменті болғандықтан студенттер түрлі мәселелер мен шағымдарын айтып жиі келеді. Сол студенттердің мұң-мұқтажын мұқият тыңдап шешуге әрекет жасайды. Жалпы жұмыс орнына кім келмесін өте қарапайым түрде қарсы алып, күліп шығарып салатын керемет басшы. Ұйымдастырушылық қабілеті мен қоса сыңғырлаған дауысымен ән салғанда кәсіби әншілерден кем түспейді. Университет көлемінде болып жатқан барлық іс-шаралардың басында жүріп, оның жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүреді. Тіпті университет қызметкерлері арасында жақында өткен спартакиада кезінде үстіне спорттық форма киіп баскетбол ойынына және жүзу жарыстарына қатысып жүлделі орындар иеленді. Ұжымда болып жатқан түрлі жағдайларға белсене қатысып, қызметкерлердің отбасында орын алған қайғылы жағдайда барлығымызға хабарлап, ұжымды ұйымдастырып көңіл айтып жатады. Ал қуанышты күндер мен мерекелерде ұжымның қасында, іс-шараның басында жүреді. Ұжымның ұйымшылдығын басты назарда ұстайды. Жаңа жыл мерекесі кезінде барлығымызды жинап алып «Сіздерге беретін арзымас сыйлығым бар еді» деп бір-бір шыныаяқтан берген болатын. Ләззаттың арзымас деп айтып берген сыйлығын алып көңіл-күйіміз көтеріліп қалған болатын. Өйткені шыны ыдыс болса да, арзымас нәрсеге шыныдай сынатын көңілімізді бір марқайтып қойды. Осының өзі бір адами қасиеттің көрінісі емес пе? Ләззаттың енесін бір жерде көріп онымен әңгімелесіп қалғаным бар. Сол кезде бастығым туралы сөз қозғадым. Үйде келін ретінде қандай адам екенін білгім келіп сұрақтар қойдым. Енесі үйде қандай келін екенін айтып бергенде, нағыз қарапайым жан екеніне көзім жетті. Бұл кісінің сондай керемет адами қасиеттерді бір бойына жинағанына тәнті болдым. Әрі жұмыста, әрі үйде өз міндетін мінсіз атқарып жүрген жан екен. Қазақ қыздарына үлгі боларлық мінезіне көркі сай Ләззат біздің ұжымның мақтанышы.

**Нұрбек ИСАЕВ**

# ТҮРІК ӘНҰРАНЫНА 97 ЖЫЛ!




**Түрік ұлттық әнұранының қабылданған күніне орай университетімізде іс-шара өтті.**

Түркия Мемлекетінің Ұлттық рәміздерінің бірі әнұранның қабылданғанына биыл 97 жыл толды.

1921 жылы 12 наурыздаТүркия Республикасы Ұлы Ұлттық Мәжілісінде «Истиклал Маршы» ресми түрде қабылданған. Түркиядағы ұлт-азаттық соғысының көшбасшысы, ұлы ойшыл, ғұлама ақын Мехмет Акиф Эрсойдың авторлығымен жазған. Әнұран бұл күндерге дейін еш өзгеріссіз орындалып келеді. Осыған орай оқу ордамызда Ғылыми кітапхана және Филология факультетінің ұйымдастыруымен Түрік ұлтының Ұлттық Әнұранының қабылданған күнін ресми түрде атап өтті.

Ресми салтанатты жиын Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының ұлттық әнұранмен басталды. Университет проректоры М.Эрен «Истиклал Маршы»тарихына тоқталып, түрік халқын бүгінгі күнмен құттықтап, ұлттық ән ұранымыз асқақтай берсін деген жылы лебізін білдірді. Түркология кафедрасының оқытушысы К.Семиз әнұранның жазылу тарихы мен М. Эрсой туралы баяндама оқыды. Аталмыш шарада білім ордамыздың студенттері Ұлттық әнұранның авторы ақын Мехмет Акиф Эрсойдың өлеңдерін оқып, бейнебаян көрсетілді.

**Ақпарат орталығы**

ҰТҚЫРЛЫҚ

# ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ - БІЛІМДІ ШЫҢДАЙДЫ

**Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының профессоры Сайдулла Жұмашов, «Жалпы хирургия» кафедрасының профессоры Усен Байзақ, «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі Гүлназ Нұскабаева, «Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының меңгерушісі Алтынай Бабаева, «Педиатрия» кафедрасының аға оқытушы Нартай Усманов, «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының доценті Данияр Рахымбердиев, «Профилактикалық медицина» кафедрасының оқытушы Айман Мұстафаева, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының оқытушы Илхам Дадашев іссапармен «Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне Мейірбике ісі, Жалпы медицина, Стоматология, Қоғамдық денсаулық сақтау, Медико-профилактикалық іс, Фармация, Биология, Фармацевтика өндірісі технологиясы атты мамандықтармен теориялық және тәжірибелік дағдылармен алмасу мақсатында жіберілді.**

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті университетімізден жіберілген оқытушы-профессорлар құрамын жақсы қарсы алып, өздерінің мамандарына сәйкес кафедраның профессор-оқытушы құрамымен таныстырып, университет алаңын, осы таңға дейінгі жетістіктерімен бөлісті.

«Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының профессоры С. Жұмашов «Гистология» пәні бойынша кафедра ұжымымен таныса отырып, ондағы студенттерге арналған дәріс бөлмелеріндегі бүтін адам анатомиясындағы мүсінін, олардың жекешелендірілген ағза бөліктерін және заманауи студенттердің тәжірибелік, теориялық білімін шыңдау мақсатында виртуальді столмен таныстырылды. Оның көптеген іс-әрекеттерін көрсетіп яғни бүтін тұрған адамды тақырыпқа байланысты терілік тканды, қан тамыр жүйесін, сүйек құрылымын, жұлын ми нерв талшықтарын оңай әрі тиімді көрсете отырып баяндай алатындығын жеткізді. Профессор С.Жұмашов басқада көрсетілген, таныстырылған мәліметтерімен 2-курс студенттерімен «Гистология» пәнінен презентация жасай отырып дәріс сабағын жүргізді.

Сол орайда «Жалпы хирургия» кафедрасының профессоры Үсен Байзақ кафедра ұжымдарымен белсене араласа отырып өзінің жеке еңбектерімен, болашақта студенттердің білімін сапалы сараптау жүргізу және пәнді жеңіл, әрі толық жеткізу жолдарымен таныстырды. Өзінің мол тәжірибесімен болашақ дәрігер, студенттермен бөлісіп, дәріс жүргізді.

«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, Г.Нұскабаева және «Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының меңгерушісі А.Бабаева студенттік дәрісханасында зертханалық зерттеу бөлімінде жұмыс істеу және сапалылықты көрсету барысында өзінің жоғары тәжірибесімен теориялық білімін көрсетіп, үйретті. «Педиатрия» кафедрасының аға



оқытушы Н.Усманов студенттермен сабақ барысында виртуальді стол үстінде тақырыпқа байланысты талқылап, тәжірибелік дағдыларын шыңдау барысында студенттерді маникенмен жұмыс істеу, алғашқы көмекті ұйымдастыру және тағы басқа іс-шараларды қарастырды. «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының доценті Д.Рахымбердиев, «Профилактикалық медицина» кафедрасының оқытушы А.Мұстафаева, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының оқытушы И.Дадашевта өз кезектерінде кафедра ұжымдарымен жұмыла жұмыс істеп, жеке дараланған мол тәжірибелерімен және теориялық білімдерімен студенттермен бөлісіп, сабақ кестесіне сай дәрістерін жүргізді. Өз кезегінде Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің ректоры профессор Р. Досмағамбетова университетімізден барған тәжірибелі оқытушы-профессорлар құрамына сапалы білімдерімен бөлісіп дәріс бергендеріне орай сертификат табыстап, алғысын білдірді. Жоғарыда аталған ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына байланысты Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне барып келген медицина факультетінің оқытушылары өздерінің жинаған білім тәжірибелері мен алған әсерлерімен бөлісті.

**Ербол ТӨЛЕЖАНОВ**

# ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!



## БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ, ТАТУЛЫҚТЫҢ ТУЫ БОЛҒАН НАУРЫЗЫМ!

**Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ**

Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы саналатын көктем де есік қақты. Көгілдір көктемнің қанатына ілесіп, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі де келді. Наурыз – жаңарудың символы. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ата-бабаларымыз қыстың сіреу қарының еріген, күн жылынған осынау кезде арық-атыздарды тазартып, ағаштар отырғызған. Бұл күні адамдар күнделікті қым-қуыт, қарбалас тіршіліктерінен бір сәт бас көтеріп, тағы бір жылды аман-есен өткізгендеріне шүкіршілік айтып, келер күннен жақсылық күтеді. Күллі Шығыс елі үшін Жыл басы саналатын Наурыз – шаттықтың, қуаныштың, молшылықтың, бірліктің мейрамы. Бұл күн жаныңды жадыратар жылылығымен де көптің көңіліне шуақ сыйлайды. Жыл құсымен бірге келген наурыз мейрамы адамзатқа жаңа серпін, жаңа леп әкелгендей болады.

Әлі есімде, бала күнімдегі ауылдағы наурыз тойына дайындық бір ай бойы жалғасын табатын. Қазіргідей бидай мен жүгері сынды дәнді дақылдарды дайын күйінде базардан ала салу деген болмайтын. Әжем темір келіге салып күн ұзақ бидай мен жүгеріні түйіп жататын. Анам болса, үйдің бөрін қағып-сілкіп тазартатын. Сондағы ойы, наурыз таза үйге кірсе, отбасымыз ауру-сырқаудан, пәле-жаладан таза болады. Қым-қиғаш дайындық, көтеріңкі көңіл күймен астасқан наурыз тойын тағатсыздана күтуші едік. Тойдың көрігін қыздыратын ақындар айтысы мен арқан тарту, қол күресі, жамбы ату, көкпар сынды ұлттық ойындар ойналады. Әнші, бишілер өнерлерін көрсетеді.

Наурыз көже жасап, ағайын-туыс бір-бірімен қатынасып, дәм татып, арқа-жарқа болады. Наурыз көжені тойып ішсең, жыл бойына тоқшылық, молшылық болады деп ырымдайды.Қыстан қалған сүр қазы мен жеті түрлі дәнді дақыл мен ағарған қосып жасалатын наурыз көженің дәмі таңдайдан кетпейді. Өкпелі жандар бір-бірінен кешірім сұрап көрісіп, қауышып, бір-біріне сүйіспеншілігін білдіреді. Іште қалған өкпе мен шердің бәрі де ескі жылдың еншісінде қалып, жаңа күнді бейбіт пейілмен қарсы алады. Ақсақалдар бата жасап, ақ жаулықты әжелер тұсаукесер, бесікке салу сынды дәстүрлерді орындап жататын. Сондықтан да бұл рухани үндесу мен адамдардың ақжарқын тілектерінің мейрамы саналады.Наурыз – халықтың көңілін көтеріп, қуанышқа бөлейтін, ізгі тілектер айтылып, елді жақсылыққа үндейтін мереке. Наурыз мерекесі ұлтымыздың рухани ерекшеліктерін, халықтық салт-дәстүрлеріміздің ұлылығын көрсететін мейрам. Бұл тамыры тарихтың тереңіне бойлаған көне мерекелердің бірі. Малдың аузы көкке тиіп, адамның аузы аққа тиетін кезде тойланып, молшылықтың, жақсылықтың белгісі болып келеді.

Қазақы салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, отансүйгіштікті, адамға тән ізгілікті насихаттайтын, көктемнің құлпырған шағында тойланатын Наурыз мерекесін барша жұрт асыға күтеді.



**Қазақстанның әр аймақтарында бірін-бірі қайталамайтын дәстүрлер сақталған. Мысалы Оңтүстік Қазақстан облысында келіннің сәлем салуы, Маңғыстауда 14-наурызда көктемнің басы – Амал мерекесін тойлануы. Айта берсек, Наурыз мерекесі, құрбан айт, ораза, құда түсу, сырға салу тағы да басқа дәстүрлеріміз әр жақта түрліше сақталған. Ұмыт болғаны қаншама?**

## ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ДӘСТҮРЛЕР



**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

Еліміздің осындай түрлі аймақтарындағы дәстүрлер қазаққа ортақ екені анық. Кезіндегі түрлі тыйымдардан әр жерде сақталып қалған осы салт-дәстүрлерімізді жүйеге салып, насихаттап еліміздің барлық аймақтарына қолданысқа енгізу керек деп ойлаймын. Көктем жіңішкенің үзіліп, жуанның жіңішкерген уақыты. Қыстан аман-есен шыққан халық наурыздың 14-жұлдызында бір-бірімен көрісіп, қазанға қыстан қалған сүр ет, тұз, айран, басқа да барын салып көже қайнатып, Ұлы іске кірісуге амал жасаған уақыты. Жыл басы жаңа жыл 2,3 күн емес 1-2 ай тойланғанын көне көз жазушы, ғалымдардың еңбектерінен де оқып, біліп жүрміз.

Қазақ даласына келген шетел ғалымдары немесе саяхатшыдарды қазақтардың жазылмаған заңдары мен дәстүрлері қызықтырған. XIX ғасырдың аяқ кезінде неміс ғалымдарының бірі Ф.фон Шварц былай деп жазған болатын: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер-азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамай, ерекше сый-құрметке бөленеді». Олар барлық мерекелерде, жиын-тойларда құрметті орындарға, төрге шығарылады. Жиналыстарда олар елеулі рөл атқарады. Жастар олардың айтқан сөзін жерге тастамай, мүлтіксіз орындайды. Жас жігіт үшін үлкен табақтан ақсақалдың өз қолынан ет асау ең жоғары марапаттың белгісі саналатын. Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешқашан отырмайды.

Қазақ халқына тән әдептілік пен сыпайылылық, кішіпейілділіктің бір көрінісі — үлкен кісінің есіміне әке (еке) сияқты жұрнақ сөз қосып айту. Мәселен, Жәнібек — Жәке, Болат — Бәке, Нұрғиса — Нұреке сияқты айтылады. Мұны XX ғасырдың бас кезінде белгілі орыс ғалымдарының бірі Л. Баллюзек байқап, былай деген: «Қырғыздардың сыпайылығы, кішіпейілділігі мен әдептілігінің бір көрінісі — жасы үлкен кісілердің есіміне еке (әке) сөзін қосып айтуы». Міне, сырт көз аз отырып, көп сынайды дегендей жазылмаған заңдарымыздың бірі үлкенге көрсетілетін құрметіміз басқаның қаламына арқау бола білген. Техника қарыштап тұрған заманда жаңалықпен таңғалдыра алмайсыз. Әлемге әдеп, салт-дәстүрлерімізді көрсетіп, мақтануымыз керек. Бұл көнеден жалғауын тауып келе жатқан мәдениетіміздің бір тармағы болып саналатын салт-дәстүрлеріміз, қазақтың көне мәдениетінің болғанының дәлелі екенінің бір ғана көрінісі.

Серік Ерғалидың «Наурыз: түркілік дүниетаным мәуесі» атты мақаласында,

- Мемлекеттік мерекеге айналған Наурыз мейрамын ресми мерекелеу жөнінде соңғы кездері біршама сыни пікір қалыптасты. Соның бірі - «Наурыздың мерекеленуі Жаңа жылдың аталып өту деңгейіндей емес, тар ауқымда және жұпыны» дегендей уәж. Бұған қоса, «Наурыз мерекесі бұқаралық сипаттан ажырап, сахналық кейіпке еніп, аздаған жұртшылықтың қызықтауына ғана айналған фольклорлық қойылым көрінісінен аспауда» деген де пікір бар. Қысқасы, қазір Наурыз мерекесі уақыт талабы мен егемен елдің өміріне сәйкес бүкілхалықтық идеологиялық көз қуанышқа айналды деу ертерек.Қазақстанда (Орталық Азия деуге болады) ежелден-ақ, астрологиялық мүшел наурыз айынан басталатын. Бір қызығы, кеңестік адамдардың мерекелеп жүрген Жаңа жылының барлық атрибуттарының түбі Наурыз екенінде, ешкімде күмән туатындай түрткі қалмаған: әшекейлі шырша, сыйлық толы дорбалы аяз ата т.т. Ал Батыстағы Санта Клаус бейнесі ойдан шығарылған, еуропалық сергітуші кейіпкер екені белгілі. Дегенмен, оның арғы мәнінде бұрмаланған Шығыстың періште кейпінің жатқаны тағы айқын. Ендеше, өз дүниеңді әркімге «менікі» деп дәлелдегеннен гөрі, оның сенікі екенін көрсететіндей нақты іс пен әрекет керек екен. Әйтпесе, барымыздан жұрдай болу қаупі бар, – деп атап өтеді. Келіп жеткен жыл басы, Наурыз мерекесін тек ән-күймен ғана емес, ұлттық салт-дәстүрлерімізбен әрлеп, дәрежесін көтерейік.

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ӨЗГЕ ЕЛДЕР ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

**Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне аз ғана уақыт қалды. Халқымыз үшін бұл – ең ұлы мерекелердің бірі. «Самарқанның көк тасы eріген күн» қазақ даласы үшін құт-берекенің басы және көктемнің жаңару мерекесі. Тек қазақ халқы емес, күллі түркі тілдес елдердің төл мерекесіне айналған. Наурыз айы – бірлік пен берекенің, қуаныш пен шаттықтың мейрамы. Наурызда күн мен түн теңеледі. Мейрамда бір-біріне қонақ болып, тойлап арқа-жарқа болып жатады. Ал енді әлем елдерінде Наурыз қалай тойланады? Осыған орай оқу ордамызда білім алып жатқан шетелдік студенттерден сұрап білген едік. Сонымен, қысқаша тоқтала өтейік...**




**Жансая ӨНЕРБЕК, Педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті:**



- Моңғолия қазақтарында Наурыз мерекесін тойлау 22 наурызда ерекше аталып өтеді. Елбасы Наурыз мерекесімен құттықтап, мейрамда өнерпаздардың қатысуымен мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Былтырғы Наурыздағы кеште 1000 домбырашы бір мезетте домбыра шерткен. Мерекенің алғашқы күнінде моңғолия қазақтары бір-бірінің үйіне қонаққа барып, ұлттық тағамдардан ауыз тиеді. Ұлттық тағамы – бесбармақ. Сондай-ақ, дастарқанға ақ тағамдар қойылады. Мысалы, құрт, ірімшік т.б. Қала көшелері мен алаңдарда ұлттық ойындар ұйымдастырылып, парат жүргізіліп және киіз үй тігіледі. Сондай-ақ қыз қуу, ат жарыс, теңге ілу, көкпар тарту ойындары ойнатылады, – деді.

**Гулсара ДЖАББАРБЕРГЕНОВА, Педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті:**



- Қарақалпақстанда – Наурыз мейрамын Қазақстандағыдай тойлаймыз. Наурызда ұлттық тағамдар дайындайды. Бұл күні алыс-жақын туыстар кең жайылған дастарқан басында жиналып, бір-біріне ізгі тілектер айтады, – деді.

**Камран АЛИШОВ, менеджмент мамандығының 3-курс студенті:**



- Әзірбайжанда Наурыз мерекесі күні ұлттық киімдерін киіп, олар да бір-бірінің үйін аралап, амандық сұрасады. Наурыз мерекесін «Новруз байрам» деп атайды. «Сәмән» наурыз мерекесінің символын білдіреді. Яғни ол – ұлт адамы. 21 наурыз күні алыс-жақын туыстар кең жайылған дастарқан басында жиналып, бір-біріне бақыт пен молшылық тілейді. Дәстүр бойынша «тонгал» деп аталатын от жағып, одан жеті рет секіретін болған. Ал мереке күні ұлттық тағам палау пісіріледі. Және мерекелік дастарқанның басты тағамының бірі – шекербура дайындалады. Ол – Ай пішіндес қамырдан жасалған тәтті тағам. Ал өсіп тұрған жасыл бидай сабақтары «Күн символын» білдіреді. Бидай қуырылып, жұмыртқалар қызылға боялады. Әзірбайжандықтар егер Наурыз күні жаңбыр жауса, онда «келер жыл өте жақсы, берекетті» болады деген сенім қалыптасқан. Мейрамда мерекелік жәрмеңке ұйымдастырылады. сондай-ақ,Новруз-Коса және Кечаның қатысуымен ойын-сауық іс-шаралар ұсынылады. Сонымен қатар 15 пен 20 жас аралығындағы жігіттер қонаққа барған үйдің есігін қағып, есіктің алдына сыйлық тастап кетеді, – деді.

**Гузаль АБДУХАШИМОВА, педогогика мамандығының 1-курс студенті:**



– Өзбекстанда наурыз немесе Навруз мерекесі жыл сайын 21 наурызда тойланады. Осы мерекені өзбек халқы асыға күтеді. Мереке келмес бұрын үй мен көшелерді тазалайды. Ал егер қарыздары болса соларды өтеп мерекеге қызу дайындалады. Мерекеде ұлттық киімдер киіп, халықтық әндер орындалып, халық бір-біріне қонаққа барып мерекемен құттықтап, ізгі тілектер айтылады. Дәстүрлі түрде жәрмеңкелер өткізіледі. Сондай-ақ халықтық шерулер ит және әтеш шайқасы, ат шабысы ұйымдастырылады. Ал тоқтықтың белгісі ретінде мейрам күндері әрбір үйдің дастарқанына «сумалак» асы қойылады. Бұл – өзбек халқында наурыз мерекесінің басты тағамы. Сумалак біздің наурыз көже секілді жеті түрлі дәмнен жасалады. Сумалак тағамының бір ерекшелігі, бір апта бидай өндіріп, тағамға қосады. Себебі, Наурыз мейрамында бақыт пен береке мол табыс алып келсін дегенді білдіреді.Сумалак тағамы екі күнге жуық дайындалады.Сумалак дайындалған үйде нағыз мерекелік көңіл күй орнайды. Сонымен қатар Өзбекстанда аналар қыздары мен келіндерін жанына алып түрлі жеміс пен көкөніс тағамдарын жасап, дастарқан жаяды. Қазанды толтырып тамақ пісіреді. Мұны «қазан толды» онысы «ризығымыз толы болсын» деген ниетке саяды, – деді.

**Халида НАДИРА, менеджмент мамандығының 1-курс студенті:**

- Ауғанстанда Наурыз мерекесі 21 наурызда тойланады. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Наурыз Ауғанстан үшін ерекше мейрам. Бұл елде наурыз мерекесі үш күн бойы тойланады. Наурыздың алғашқы күні барлық ағайын туған-туыстар бір-бірінің үйіне қонаққа барады. Наурыз күніне орай ауған халқы «саманак» деп аталатын ұлттық тағамдарын дайындап, келген қонақтарға ұсынады.



Дәл мерекеге әзір болған саманакты туған-туыс пен көрші-қолаңға таратып береді. Бұл күнді халықтар асыға күтеді. Мейрамда жақындарына сыйлықтар беріліп, үйге тазалық жасалады. Мейрам күні дастарқанда жемістер мен дәндер, жеті түрлі жемістен дайындалған компот және бес түрлі тағам болады. Дастарқанда «с» әрпінен басталатын ең аз 7 түрлі тағам дайындалады. Олар: суманак пен хафмева, балық және т.б. Әдетте, жанұядағы баланың санына байланысты алдын ала жұмыртқа пісіріліп, түрлі түске боялады, – деді.

**Айболат ТОҚТАРБЕК, журналистика мамандығының 3-курс студенті:**



- Қытай қазақтары Наурыз мейрамын – күн мен түннің теңескен күні ретінде атап өтеді. Ел тұрғындары бұл мейрамды қатты ұнатады. Біз «наурыз көжені» пісіріп, туған-туыстың басын қосып, мәре-сәре боламыз. Бұл күні барлығы ұлттық киімдерін киіп, көрші-қолаңды аралап, Жаңа жылмен құттықтап шығады. Қытайда дәстүрлі тағам ретінде жеті түрлі дәмнен дайындалған наурыз көже және соғымнан қалған етті асып көптеген тағамдар жасалады. Наурыз мерекесінде бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігітіне тартады. Бұл қазақта «ұйқышар» деп аталады. Ұйқышардың қарымтасына жігіттер «селтеткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйға тартады. Ауыл ақсақалдары ақылдаса келе бір-бірін мерекеге арнап дайындалған наурыз көжені ішуге тек тақ сандар күні шақырады. Сөйтіп, наурыз айының жарты айын бір-бірінің үйіне мерекеге арнайы дайындалған наурыз көжені ішуге қонаққа барады. Ал 21-22 наурыз күні концерттер ұйымдастырылып, қыз қуу, көкпар, күрес т.б. ұлттық ойындар ойнатылады. Және айтыс өнеріне ерекше мән беріледі, – деді.

